Бұл еңбек туралы кезінде көрнекті қазақ тарихшысы Е. Бекмаханов: «Н. Середаның «Қырғыз сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» деп аталатын кітабы нақты деректерге бай, анағұрлым толық және патша өкіметі кезіндегі тарихшы үшін барынша обьективті түрде жазылған еңбек болып табылады. Бұл еңбектің кеңінен танымал екендігі соншама, ол туралы арнайы сөз етіп жатпаса да болады. Оның Кенесары жөніндегі төңкеріске дейін жазылған еңбектердің ішіндегі ең тәуір және ең байыпты еңбек екенінде дау жоқ» [2, 20-21 бб.], - деп жазған болатын.

«Түркістан жинағындағы» баспасөз тарихынан сыр шертетін материалдан көрініп тұрғанындей, бұл еңбек 1870 жылғы «Вестник Европы» журналының 1870 жылғы №8, 1871 жылғы №9 сандарында жарияланған. Е. Бекмахановтың дерегі

бойынша, еңбектің авторы Н. Середа Полтава губерниясының тұрғыны болған. Ол 1840 жылы туған, Орынбордағы Неплюев кадет корпусында тәрбиеленген. 1875 жылдан бастап ол Орынбордың қала басы қызметіне бекітілген. Осы лауазымда ол кейбір үзілістерді қоспағанда 1892 жылға дейін қызмет атқарған. Е. Бекмаханов бұл өмірбаяндық деректі Середаның Чкаловтағы Мемлекеттік тарихи архивте сактаулы қызметтік тізімінен алғып, жариялаған [2, 382 б.].

«Н.Н. Середа Кенесарының жеке басына мынадай көңіл аудараптық мінездеме береді. «Кенесары өз жасақтарының ықыласына лайық билеуші бола білді, - деп жазды ол. – Оның жасақтарының рухының жоғарылығына еуропалық әскердің қайсысының болсын қолбасшысы қызғана қарайтындей еді... Кенесары өзінің шабуылдары кезінде бейне бір жолындағының бәрін тып-типыл ететін дала дауылы сияқты құйғыта жөнелетін, алдынан қандай кедергі кездессе де тоқтамайтын. Қайта, керісінше, қандай да бір кедергі болмасын оның қайтпас қайсар жігерін жани түсетіндей, өзінің ойлаған мақсатына жету жолында кездескен барлық тосқауылдар, мұның топан сүйндей арындаған қуатының алдында қүйреп бітпейінше оған тоқтау жоқ. Кенесарының бойындағы осы қасиеттерін біздің көшпелілер жоғары бағалайтын және оның серіктегі өз қолбасшысына шексіз беріліп, шын жүректерімен оны қатты қастерлейтін» [2, 222-223 бб.], - дейді Е. Бекмаханов.

«Ата-бабаларымыз мұра еткен, - деп жазды ол осындағы хаттарының бірінде, – Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Оқият, Оралға дейінгі Тоқзак – қазіргі патша тұсында бізден тартып алғынан, ол жерлерге бекіністер салып, сонысымен тұрғындарды өте қыын жағдайға ұшыратуда. Бұл тек біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен бірге бүгінгі өмір сүруімізге де қауіпті» [2, 223 б.].

Сондай-ақ, профессор Ж. Қасымбаевтың пікірінше, «...XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген еңбектер арасында 1870 жылы «Вестник Европы» журналының екі санында жарық көрген Н. Середаның құнды зерттеуі оқшау тұр. Әртүрлі деректерді мол пайдалануы жағынан, қарастырылған мәселелерінің аумақтылығына қарай осы автордың біз кеңінен пайдаланған еңбегінің ғылыми құндылығы зор. Кенесарыға берілген автордың бағасы мен көтерілістің сипатын анықтауда автор көзкарасында қайшылық орын алады. Халықтық көтерілісті «бұлік», «қарақышылардың ісі» деп жазса, ханның өзін «құйын мен дауылға» салыстырады. Европа әскерлерінің тамаша қолбасшыларына теңейді» [3, 89-90 бб.].

«Түркістан жинағында» жарияланған Н. Середаның аталған еңбегінде Кенесары Қасымов бастаған көтерілістің қарсанындағы қазақ даласындағы жағдай, жергілікті халықтың патша билігіне қарсылығының себептері, Қиуа хандығының оған катысы, Кенесарының ел ішінде жүргізген саясаты, оның қазақ даласында Ресейден де, Қиуа хандығынан да азат дербес хандық құру жолындағы қүресі, Кенесары Қасымовтың Орынбор әкімшілігімен жазысқан хаттары, оның Қоқан хандығын бағындыру мақсатында Бұқар хандығымен одак құруы және оның себептері, Кенесарының осындағы ойының жүзеге асуына кедергі жасау піфылымен князь Горчаковтың Перовскиймен уағдаластық жасауы, Кенесарының Ташкенттен кейін шегінуі, өлкे ішіндегі халықтың толқулары, Сібір ведомостісінде қарасты өлкеде 1842 жылды халық көтерілісінің жандана тұсуі, Орынбор отрядының қазақ даласының ішкі аймақтарына жорық жасауы, Кенесары жасақтарының күшейіп, оның Орта жүзге қарай жылжуы және басқа мәселелер қамтылған [ТЖ. – 1871. – 33 т. – 102-161 бб.].

Н.П. Ивановтың 1839-1840 жылдардағы Қиуа экспедициясы жайындағы естеліктерінде [ТЖ. – 1873. – 68 т. – 175-396 бб.] орыстардың Орта Азия

халықтарына деген көзқарасы, Перовскийдің қызметі, Хиуаны қоныс еткен қазақтар, Хиуа ханының «Ресейге қосылудан бас тартпаған барлық қазақ руларының үрімбұтақтарының бастарын кесіп таставтынын» айтып қорқытқан қоқан-лоққысы жайында айта келіп, Қасым және Кенесары хандардың өз елін тәуелсіздікке жеткізу жолындағы күресін «қарақшылық», «шапқыншылық» іс-әрекеттер деп жазады.

«Военный сборнике» жарық көрген хабарлардың бірінде [ТЖ. – 1876. – 117 т.] Кенесары Қасымовтың 1844 жылғы Ілектегі қарсылық іс-әрекеттері туралы айтылады. Қазақтардың казак станицаларына шабуыл жасағаны айтылады. Аталған материалда осындағы тұз өндірісі жайында да деректер бар.

«Русский инвалид» газеті 1889 жылғы №176 нөмірінде [ТЖ. – 1907. – 426 т. – 15-16 бб.] Кенесары және Садық сұлтандардың өмірі мен қызметі туралы мәліметтер жариялады.

«Русские ведомости» газетінің 1867 жылғы №86 нөмірінде жарық көрген бұрын №1 форт деп аталған Қазалы қаласынан хат жолдаған Хлудов деген автордың заметкасында [ТЖ. – 1868. – 2 т. – 33-34 бб.] Садық Кенесарин жасағының есаул Ончаков басшылығындағы Орынбор казактарының отрядына жасаған шабуылы жанжақты суреттелген. Ол күэлардың әңгімелеріне негізделіп жазылған. Садық әскерінің күшінен қаймықкан, сондай-ақ, қазақ даласының шөлі мен ыстығына шыдамаған казак отряды кері шегінуге мәжбүр болған.

«Голос» газетінің 1867 жылғы №169 нөмірінде жарияланған хабарда [ТЖ. – 1868. – 2 т. – 43-45 бб.] Садық Кенесарин туралы мәліметтер көрсетілген. Автор Садықтың «қызық тұлға» болғанын айттып, оған толық сипаттама береді. Оның тегі жайында шежірелік деректер айтады. Оның әкесі Кенесары Қасымовты қырғыздар аса жауызыңызпен өлтірген деген дерек айтады.

«Московские ведомости» газетінің 1867 жылғы №117 нөмірінде жарық көрген хабарда [ТЖ. – 1867. – 2 т. – 55 бб.] Садық сұлтан туралы жан-жақты мәліметтер берілген. Садық Кенесариннің қызметі оқиғаның болған уақыты өз кезегімен тіркеп отыратын тізбе бойынша берілген. Қазақтар арасындағы толкулар туралы айтыла келіп: «Садық орыс билігіне мойынсұнған қазактарды тонады», - деп кінә артылады.

«Голос» газетінің 1867 жылғы №191 санында Орынбор генерал-губернаторының патшалық Ресей әскери министріне жазған хатынан үзінді [ТЖ. – 1868. – 2 т. – 7-11 бб.] жарияланды. Онда Садық сұлтанның орыс отаршылдығына қарсы күрескен қалың қолына «шайка Садықа» деген атау берілген. Сондай-ақ, шөмекей руы қазақтарының Садыққа көзқарасы, генерал-губернатор мен Бұқар әмірі арасындағы келіссіз, Жаңақорғанда 7 маусым күні болған оқиға, түркімендердің Жызақ пен Заамин түрғындарын тонауы, соның салдарынан халықтың Ұратөбе мен Нау тауларына қарай көшіп кетуі және басқа мәселелер сөз болған.

«Московские ведомости» газетінің 1867 жылғы №127 нөмірінде Орынбордан қазақ даласына қарай әскери жорыққа шыққан орыс әскеріне №1 және №2 форт маңайында Садық Кенесариннің жасақтары шабуыл жасағаны хабарланып [ТЖ. – 1868. – 1 т. – 147 б.], газет авторы оларды «шайки Садықа Кенесарина» деп атаған.

«Русские ведомости» газетінің 1867 жылғы №70 нөмірінде жарық көрген материалда [ТЖ. – 1868. – 2 т. – 47 бб.] да Садық Кенесариннің жасағына «шайка Садықа Кенесары» деген баға берілген. Газет авторы «№1 форттан жіберілген орынборлық казак командасына Сорбұлак түбінде қырқыншы жылдарда бүлік үйымдастыруымен көзге түсіп, белгілі болған Кенесары Қасымовтың баласы Садық Кенесарының әскері шабуыл жасағанын» хабарлаған. Оған қоса газетте бұқарлық көпестер керуендерінің тоналғаны, сарттар арасында пайда болған көтерілістер туралы сөз болады.

Аталған газеттің №83 нөмірінде жарық көрген Түркістан облысындағы ішкі жағдай туралы мақалада [ТЖ. – 1868. – 1 т. – 143-145 бб.] «Бұқар әмірінің партизаны» Садық Кенесариннің қолын «шайкалар» деп аталып, олардың Сырдариядағы іс-әрекеттеріне «тәртіпсіздіктер» деген баға берілген.

«Русский инвалид» газетінің 1869 жылғы №120 нөмірінде жарық көрген хабарда [ТЖ. – 1870. – 28 т. – 269 б.] Садық сұлтанның және Қиуаға қарасты басқа да жасақтардың орыс әскерлеріне қарсы шабуылы және оларға қарсы қолданылған әскери шаралар сөз болған.

«Москва» мерзімді басылымының 1868 жылғы №35 нөмірінде жарық көрген Бұқар хандығындағы жағдай туралы қысқаша хабарда [ТЖ. – 1869. – 8 т. – 189 б.] кезінде №1 форт маңайындағы орыс иелігіне өткен өнірлерге шабуыл жасаған Садық Кенесариннің көшпелі қазақтар мен түркімендерден құрылған барлық атты әскердің бастығы болып тағайындалғаны жайында айтылған.

«Сибирские ведомости» газетінің 1867 жылғы №184 нөмірінде жарық көрген мақалада орыс әскерінің Орта Азия шекара желісі бойындағы әлсіздігі салдарынан №1 форт ауданы мен Сарышығанқ шатқалында бұқарлықтармен бірге Садық жасағы пайда болғаны хабарланған. Автор: «Біздің Иржардағы іс-қимылдарымыз бен Қожентті алғаннан кейінгі тоқмейілсіген әрекетсіздігіміз ортаазиялықтарды мызығында одаққа біріктіруі мүмкін, соның салдарынан Садықтың №1 форттан жіберілген 70 казакты жеңуі Түркістан облысының тұрғындары болып табылатын Сырдария қазақтарына ғана емес, Орынбор облысында көшіп-қонып жүрген қазақтарға да ерекше әсер етуі ғажап емес» [ТЖ. – 1868. – 2 т. – 57 б.], - деген тұжырым жасайды. Мұндай пікірдің негізсіз емес екендігіне дәлел ретінде сол кезде орыс әскерлері ұмыта қоймаган сұлтан Кенесары Қасымов пен батыр Есет Көтібаровтың жауынгерлік жеңістерін еске салады.

«Рижский вестник» газетінің 1873 жылғы №196 нөмірінде бір қазактың хиуалықтар Түркістан әскеріне қарсы қалай күрескені туралы әңгімесі [ТЖ. – 1873. – 72 т. – 52-58 бб.] жарияланған. Онда Кенесары Қасымовтың ұлы Садық сұлтанның кезінде Қиуаға барып панағаны, сол жақтан Қиуаға әскери жорық ұйымдастырған орыс жауынгерлеріне қарсы жүргізілген күреске белсене қатысқаны айтыла келіп, қазақтардың генерал К. П. Кауфманға деген көзқарасы да тілге тиек етіледі.

Тұтас алғанда, «Түркістан жинағына» жинақталған орыс баспасөзі беттерінде жарық көрген Кенесары Қасымов пен Садық сұлтан Кенесариннің орыс отаршылдығына қарсы күресі туралы мақалалардың идеялық мазмұны патшалық Ресей өкіметінің басқыншылық саясатымен үндес келеді. «Түркістан жинағындағы» орыс мерзімді басылымдары Садық Кенесары ұлының есімін бірде «Садық», ал енді кейде «Сыздық» деп жазған. Ал, Садық сұлтан Кенесариннің қол астында патша әскеріне қарсы шайқасқан қазақ сарбаздары да ата қонысты жаудан қорғауға бел шеше кіріскең батырлар емес, әншайін керуен жолдарын аңдудан қолы босамаған, жолаушыларды тонаумен ғана күн көрген «қарақшылар» ретінде суреттеледі.

### Талқылау

«Түркістан жинағындағы» газет-журналдардың басым көпшілігі билік етуші өкіметтің тікелей бақылауы мен қарамағындағы баспасөз болып табылатындықтан, мұндай басылымдар қазақ даласында жүргізілген басқыншылық саясатты Ресей империясының беделіне нұқсан келтірмейтін, мәжбүрлікten туған әділетті, басқа көрші мемлекеттерден қорғанудан туған әрекет ретінде түсінірді.

Бұл тақырыпқа арналған материалдарды қарастырсақ, Түркістан өлкесінің отаршылдық отына күйіп, соғыс түтініне тұншықканын көреміз. Оған «Түркістан жинағындағы» мерзімді баспасөз беттерінен және сол әскери іс-қимылдар

баяндалатын өзге де зерттеулерден алынған деректерді бір-бірімен өзара салыстыра қарастыру дәлел бола алады.

Айталық, «Түркістан жинағының» 1873 жылғы 70 томының 1-226 беттеріне енгізілген, Санкт-Петербургда 1873 жылы жеке кітап болып басылып шыққан А. Вамберидің «История Бухары или Трансоксании» атты еңбегінде және басқа да орыс газеттерінің деректеріне сүйенсек, патша әскері Түркістан өлкесіндегі сауда және саясат саласында ерекше маңызды орны бар Ташкент және Сайрам қалаларын 1865 жылы басып алды. Орыс жасақтарының бұл жеңісі Бұқар әмірі Мұзаффардың қарсы қимылын тудырды.

Бұқар әмірі орыс патшасының жетегінде кетті деп Қоқан қыпшақтарын қарудың күшімен жазалады. Сонымен бірге, патша армиясын Перовскийден кейін басқарған генерал М.Г. Черняевқа хат жіберді. Онда Черняевтан тартып алынған жерлерді түгел қайтаруды талап етті. Талабы жүзеге аспаған жағдайда сарбаздарын жинап, ақтық шайқасқа шығатынын хабарлады. Осында хабармен Петерборға елші етіп Қожа Нәжімеддин деген өкілін жіберді. Патшаның әскер басылары айламен елші Қожа Нәжімеддинді Қазалының маңайында ұстап алып, абақтыға жауып қойды. Сөйтіп, Бұқар әмірінің тамырын басып көру ниетімен генерал Черняев өз өкілін – полковник Струвені қасына бірнеше адам қосып, Мұзаффар ханға жұмсады. Елшісінің жау қақпанына түскенін білген Бұқар әмірі де қарап отырмай, патша өкіметіне кек қайтарып, елшілерге қарсылық білдірді. Мұндай әрекетке генерал Черняев қуана қоймады. Ол 1866 жылы ақпан айында Қожент арқылы Жызаққа етіп, қарсыласымен есеп айырысуды ойлады.

Бірақ, бұл жолы Ресей патшасының үмітін ақтай алмаған Черняевтің әскері тізе бүгіп, ойсырай жеңілді. Ал, Черняев бұл үшін қызметінен айырылып, оның орнына әскербасылыққа генерал Д.И. Романовский тағайындалды.

Мына жеңіс Бұқар әмірін масаттандырып жіберді. Ол қарсы шабуылға шығып, 5 сәуір күні Шыназ бекінісінің түбінде ұрысқа кіріспі, соғыс ашады. Мұзаффар ханның жасағы Ташкент қаласын орыс әскерінен тазартып, қайтарып алуға ниеттенді. 1866 жылғы 8(20) мамыр күні Сырдария өзенінің жағалауындағы Иіржар алқабында болған қанды шайқаста құрамында 45 мың жауынгері бар, 21 отты зеңбірекпен қаруланған Бұқар әмірінің әскері өзінен мүмкіндігі мен күші он еседей аз орыс жасағынан ойсырай жеңіліс тапты. Кейінрек тарихқа «Иіржар шайқасы» деген атпен кірген осы қантөгісте Мұзаффар хан 10 мың жауынгерінен өлідей және тірідей айырылды. Басқа шарасы қалмағандықтан, ол Жызақты паналап жасырынуға мәжбүр болды [ТЖ. – 1873. – 70 т. – 1-226 бб.].

Орыс әскеріне қарсы жүргізілген осы соғысқа Садық сұлтан Кенесарыұлы да катысты. Ол Сыр бойындағы Қоңырат тайпасы қазақтарынан жасақ құрып, дария арқылы жоғарыға қарай жүзіп келе жатқан кемелерге оқ жаудырды. Олардың жанар-жағар майларын өртеп жіберді. Иіржар түбінде, Шардара бекінісі маңайында бірнеше орыс жауынгерін өлтіріп, бастарын кесіп алды. Осында біраз уақыт аялдаған соң Мұзаффар ханның жеңіліп, Самарқан жаққа қарай шегінгенін естігендеге, патша әскерлерінің кесілген бастарын апарып, әмірге тарту етті. Әмір мұндай тарту-таралғыға қатты қуанып, Садық сұлтанды бірге алып, Жызақтан Бұқарға бірге кетті [4, 42 б.].

«Түркістан жинағындағы» баспасөз беттерінде жарияланған тағы бір тарихи деректерде Иіржар шайқасының орны дәл көрсетіліп, Сырдария теміржол стансасы мен Черняев теміржол стансасы маңындағы Хаваст елді мекені және Николаевское поселкесі аралығында болғаны айтылады. Бұл шайқас басқа соғыс ошактарына қарағанда қауырт әскери іс-қимылдарының және жаппай оққа ұшып,

жараланушылардың аздығымен ерекшеленсе де, Иіржар – патшалық Ресейдің Орталық Азия аймағын жаулап алуы кезіндегі Бұқар әмірі Мұзаффар ханның жасақтары кері шегінген жер ретінде тарихта қалды.

Самарқан облысының әскери губернаторы Н.С. Лыкошин Қожент уезінің Нау болысындағы Бекабад ауылының 77 жастағы тұрғыны, паршажұз руының қазағы Әбдірахман Өтелбаевтан жазып алып, «Туркестанские ведомости» газетінің 1907 жылдың 5(18) қыркүйектегі №147 нөмірінде жарияланған естелігіне назар аударайық.

Әбдірахман Өтелбаевтың көрсетуіне қарағанда, қазақ даласының оңтүстігіндегі Мырзашөл өңірінің Николаевский поселкесінің маңайындағы Қият деген жерден Конно-Гвардейский поселкесіне апаратын жолдан 1,5 верст оңға бұрылған тұста «Әмір қашқан төбе» деп аталағын биік төбе болған. Бұл төбе туралы екі түрлі пікір қалыштасқан. Оның бірінде ол Мұзаффар хан үшін Иіржар шайқасының алдында арнайы тұрақ үшін қолдан жасалған делінсе, екінші біреулер қазақ даласындағы ежелгі керуен жолдарының бойындағы бұрыннан қалған төбелердің бірі ретінде билеушілердің аялдайтын қонысына айналған деседі.

«Әмір қашқан төбеде» Мұзаффар ханның ордасы орналасты. Құрамында 3 Орынбор линиялық батальонының төрт ротасы, 4 Орынбор линиялық батальонының үш ротасы, 7 Орынбор линиялық батальонының екі ротасы, 6 Орынбор линиялық батальонының бір ротасы, Орынбор атқыштар батальонының төрт ротасы, Орынбор артиллерия бригадасының жиырма жасағы, сегіз ракета атқыш және Орынбор мен Оралдың бес жұз казагы бар орыс әскери Орта Азия теміржолының Сырдария стансасы төнірекіндегі Үштөбе деген жерге келіп тоқтайды. Ал, сол кезде шайқастан отыз күн бұрын, Ұратөбенің Маңғыттан шыққан бегі Аллаяр Даунбегі де отыз мың әскерімен Айымкөл көлінің жағалауында лагерь құрып жатады. Аллаяр бектің әскерін Мұзаффар ханның жақын адамдары Шерәлі-ипак, Якуб-ипак және Шүкір-ипак басқарады екен. Олар – Бұқар әмірлерінің ордасында ерекше сенімге ие болған бұрынғы парсылық құлдар болған. Бұл ұшееінің құлдан шыққанын ұмытқысы келмейтін әскер сарбаздары арасында олардың оншалықты беделі болмаса да, сарбаздар оларға қорыққанынан бағынуға мәжбүр болады.

Бұқарада жатқан Мұзаффар хан Аллаяр бекке әскерді Айымкөлге апаруды бұйырып, өзі де Ұратөбе керуен жолы арқылы сол бағытқа қарай қозғалады. Иіржар шайқасынан он күн бұрын Мұзаффар хан Ұратөбе қаласынан Черняев стансасына қарай бағытта 8 верст қашықтықтағы Ругунд елді мекенінің маңайында түнейді.

Осы жерде жатқанда әмір Ұратөбенің бегі Аллаяр Даунбегінің он жасар қызын тоқалдыққа алушы айдағы да, болашақ жарын ордасына әкеледі. Келесі күні таңертең сол төніректегілер Аллаярдың қызын пышакталып, қанға боялып жатқан жерінен тауып алады. Қаралы хабар әскер басындағы бақытсыз әкеге лезде-ақ жетеді. Мұны естіген Аллаяр Даунбегі есінен танып, басына түскен қасіреттің салдарынан өзіне-өзі келе алмай бірнеше күн жатады.

Бұл кезде Бұқар әмірі Иіржарға бет алған сапарда жүреді.

Айымкөл маңайында орналасқан жасақтардың әскер басылары арасында аландаушылық пайда болады. Әмірдің өзіне жақын ипактарға – бұрынғы парсылық құлдарға әскер ішінде жоғары билік беріп қойғанына көңілдері толмағандықтан және оның Аллаяр ханның қызын өлтіргеніне қорланып, намыстанғандықтан Аллаярдың туған-туыстары, Маңғыттан шыққан Тоқтамыс бек пен Фазыл датқа сарбаздарды Мұзаффар ханнан кек алуға үгіттей бастайды. Орыс әскерлері жақындағы түскеннен-ақ ұрыссыз шегінү керек деген шешімге келеді.

Олар солай жасайды да. Алыстан жорықта шыққан Ресей патшасының алғашқы жасақтары қара көрсетісімен-ақ әмірдің Аллаир Duанбегі мен оның туысқандары Тоқтамыс бек пен Фазыл датқаның билігіндегі ең мықты әскері бірден туларын жинап алып, ешқандай қарсы қымыл жасамай, Қаяасқа қарай аттанып кетеді. Құл әскер басыларының қарумен өте нашар жасақталған бұқарлық жасақтары ғана қалады. Олардың арасында әмір қарсыластарын жеңген жағдайда оларды тонатамын деген үмітпен арнағы әкелген он екі мың қаралы аш-жалаңаш, жалаңақ Бұқар «бай-баштары» да бар болады. Әлті байғұстар, расында да, жеңістен дәмеленіп, орыс жауынгерлерінің киім-кешегін, азық-тұлігін талап алуға дайын тұрғанымен, бірақ өздері соғысуға дәрменсіздік танытады.

Бұл сәтте Мұзаффар хан жоғарыда суреттелген төбедегі ордасында жатады. Баспасөзде жарық көрген мақалада әскерінің қарсыласпай кері шегінгенін естіп, саскалақтап қалған ол тіпті қазанда пісіп тұрған тәттілігі тіл үйірер палаудан дәм татуға да, етігінің бір сыңарын киуге де үлгерместен атқа қона салып, Қаяасқа қарай қаша жөнелгені жан-жақты суреттелген. Сөйтіп, бұл төбе халық жадында «Әмір қашқан төбе» деген атпен қалады.

Естелік айтуши – паршажұз қазағы Әбдірахман Өтелбаев ол кезде Аллаир Duанбегінің нөкөрі болғандықтан, мұның барлығын өз көзімен көреді. Мұзаффар ханының жалаңақ жалшылары оққа ұшқандарды асығыс-ұсігіс жерлеп, олар да Хавастқа бет алады.

Генерал Романовскийдің әскерінде адам шығыны болмайды, тек 12 төменгі шендерегі жауынгерлер жараланады. «Бай-баштар» қауыздарда тұнеп шығады. Бұқарадан алып келіп, жеңіске жетемін, тізе бүккен орыс отрядтарын тонап аласындар деген үәдесін орындаі алмаған билеушілерін балағаттаумен болады. Тұні бойы басылмаған мұндай өкпе-ренішке толы сөздерді Қаяасқа келіп жеткен Мұзаффар хан да өз құлағымен естиді. Әмірдің осында екенін жалшылар таңертен бір-ақ біледі.

Осы жерде Құдияр хан Қоқаннан Бұқар әміріне көмекке қарулы күш жібергені, бірақ бұл отряд кешігіп қалып, Иіржар шайқасындағы жеңіліс туралы Қожентте естігені жайында хабар жетеді. Қоқандықтар почта-байланыс трактінде тонау әрекеттерін жасайды. Соның салдарынан Қожентте ерекше отряд шақырылып, патша әскері қаланы 1866 жылғы 24 мамырда басып алады.

Әмір Мұзаффар хан Қаяастан Бұқараға кетеді. Алайда, оның Керминеде тұратын ұлы Сейіт Мәлік төре (кейін ол Пешаварға көшіп кетеді) әкесін сатқын деп жариялады, оған қарсы жасақ жинауға кіріседі. Ол әкесіне қарсы екі рет: Керкі мен Бұқараның аралығындағы Нұрататың таяу жатқан Қыштып деген жерде және Чардвоу майында қарулы шабуыл жасайды.

Ал, Фазыл Duанбегі мен Якуббек-ипак Мұзаффар ханының назарын аудару мақсатында Сейіт Мәлікті алдаусыратып, қолға түсіруге әрекет жасайды. Ол үшін Якуббек-ипак Сейіт Мәліктің отрядына шабуыл жасап, одан кейін оны құмда жасырынып жатқан Фазыл Duанбегінің тың құштеріне ұстап беру үшін әдейі қашып кету жайын ойластырады.

Бірақ Сейіт Мәліктің тыңшылары бұл құлықты біліп қойып, төре Якуббек-ипактың отрядына өзі шауып, Фазыл Duанбегіне де қарулы қол жібереді. Төренің тұтқылдан бас салатынын күтпеген Фазыл Duанбегі жеңіліп, мерт болады.

Якуббектің әскерін қуа жөнелген Сейіт Мәлік Чардвоуға келеді. Якуббек әмірге хабар жіберіп, Сейіт Мәлікті жеңуге қүші жетпейтінін айтады, қосымша қол жіберуді өтінеді. Әмір Якуббекке көмек ретінде Ұратөбенің бегі Омарбектің «қырық-жұздерден» тұратын әскерін жұмсайды. «Қырық-жұздер» келген соң Сейіт

Мәлік әкесіне қарсы құресте женіске жете алмайтынын байқап, Ушқорғандағы Құдияр ханды панауды жөн көреді.

Құдияр хан Бұқар әмірінің қашқын баласын барлық ықыласымен қарсы алып, оған он сегіз мың теңге беріп, Қашқардағы Якубекке жібереді. Сейіт Мәлік қашқарлық Якубектің қарамағында Ауған әмірі Досмұхаммед өзіне қызмет етуге шақырғанға дейін болады. 1907 жылы Бұқар әмірі Мұзаффар ханың ұлы Сейіт Мәлік Ауғанстанда тұрып жатқаны және ағылшын үкіметінен күніне 17 рупий жалақы алып тұратыны туралы хабар жетеді.

Осыны баяндай келіп, Н.С. Лыкошин «Туркестанские ведомости» газетіндегі мақаласының сонында Иіржар шайқасын мәңгі есте қалдыру үшін Орта Азия теміржолының Сырдария стансасына жақын жатқан Уштөбе деген жердегі төбелердің ең биігіне арнайы ескерткіш тұрғызууды ұсынады.

«Ал, «Әмірқашқан» төбесіне келсек, ол айдалада, жолсыз жерде орналасқан, әрі аласа, оның үстіне солай аталуымен-ақ біздің Орта Азияны бағындыру үшін жүргізген соғыстарымызда ерекше маңызы болған әмір Мұзаффар ханың женілісін есімізге салып тұр», - деп жазады автор.

Патшаның әскери шенеуніктері Иіржар шайқасына ескерткіш тұрғызууды ұсынған Уштөбе төбесі Иіржар болысының Актөбе ауылының аумағында орналасқан болатын [ТВ. – 1907. – №147. – 5(18) қыркүйек].

Зерттеуші Армений (Герман) Вамбери: «Иіржардағы осынау қантөгіс өрті Түркістан аймағының сан мындаған жылдар бойына салтанат құрған тәуелсіздігіне зор нұқсан келтіріп, азат елді азаттығынан, іргелес жатқан мемлекеттерге жүргізіп келген мәдени-экономикалық, діни және рухани ықпалынан да қоса айырды» [ТЖ. – 1873. – 70 т. – 1-226 бб.], - деп Иіржар шайқасының салдарына қабыргасы қайса баға берді.

Ал, «Туркестанские ведомости» газеті бұл мәселеге басқаша қарады. Фалым Армений (Герман) Вамбериңдің пікірі мен газеттің көзқарасын өзара салыстырып қарасақ, А. Вамбери жаугершілік деп бағалаған патшалық Ресей әскерінің іс-қимылдары «Түркістан жинағындағы» орыс басылымдарында жарияланған мақалаларда қазақ даласын игеру жолындағы үлкен табыс ретінде мадақталып, марапатталады.

Қазақ даласының онтүстігіндегі Иіржар өніріндегі женістерін патшаға жалданған Орынбор казактары қалай тойлап, салтанатпен атап өткені «Туркестанские ведомости» газетінің «Откен майдан күндерінен (куәгердің естелігі)» айдарымен 1904 жылғы 16(29) маусымдағы №82 нөмірінде жарық көрген «Орынбор казак жасағының бесінші жүздігі Иіржар түбінде» атты материалда сөз етілген. Материал авторы священник М. Омелюстый осы соғыста Бұқар сарбаздарының қалай мертігіп, ажал аузына түскенін суреттеп, казак жұзбасыларының бірі К.-ге «батылдығы үшін» деген жазуы бар алтын қылыш тарту етілгенін жазады.

Осы газеттің 1871 жылғы 7 ақпанындағы №3 нөміріндегі «Қазақ халқының 1732-1868 жылдар аралығындағы тарихының очеркі» атты материалда: «1866 жылғы 8 мамырда Бұқар әмірінің үлкен күші бытырата шашылып, езілген, Иіржар түбіндегі шайқас Ресейдің Орта Азияны жаулап алудын жеңілдетіп, кезекті жаңа жеңістерге жол ашты» [ТВ. – 1871. – №3. – 7 ақпан], - деген түйін жасалған.

Түркістанды отарлау жөніндегі мәселеге байланысты өз ойын ортаға салған келесі материалдың авторы О. Гескет Иіржар шайқасының тарихтағы маңызына: «Иіржар шайқасы, Қоженттің, одан кейін Үратөбенің, Жызақтың, Самарқандың

алынуы тұтас тізбектей бірінен кейін бірі ұласып, жағдайды жеңілдетті» [ТВ. – 1881. – №39. – 6 қазан; №46. – 24 қараша], – деп жоғары баға берді.

«Түркестанские ведомости» жарық көрген 1868 жылдың Түркістан өлкесі тарихындағы орнын айқындауға арналған материалда да бұл пікір жалғастырылып: «Бұқарлықтардың бірнеше рет сәтсіз аяқталған әскери қимылдарынан әмірдің күшті армиясы Иіржарда жеңіліске ұшырағанына қарамастан, әмір Сейіт-Мұзаффар Ресейге қарсы құресу мүмкін емес екендігін жете түсінбеді» [ТВ. – 1908. – №98. – 6(19) мамыр], – деген ой айтылады.

Ал, Түркістан генерал-губернаторлығы бас штабының офицері Г.А. Аминов 1869 жылы Сырдария өзеніне жақын жатқан Айымкөл көлінің жағалауынан осы Иіржар шайқасынан қалған белгілерді кездестірген [ТВ. – 1873. – №27. – 10 шілде].

Иіржар шайқасының орыс отаршылдығының қанатын кеңейтудегі мәні мен маңызы жайында «Түркестанские ведомости» газетінен басқа мерзімді басылымдар да жиі жазған.

«Русский вестник» журналының 1868 жылғы №3 нөмірінде жарияланған «Үратөбе мен Жызақтың алынуы» атты тарихи мақалада Иіржарда болған соғыс жан-жақты баяндалған. Автор Бұқар әмірінің Иіржарда тізе бүккенін айта келіп: «Шын мәнінде, азиаттықтардың дала шайқасы кезінде орыс әскерімен бетпе-бет текетіресетіндегі жағдайы жоқ. Қатары қаншалықты сансыз көп болғанымен олар батыл және жігерлі түрде шабуылға шыққан ең бір әлсіз колоннаның ығынан сескеніп шыға келеді. Мылтықтарының ұшын алға қарай кезене ұстаған жауынгерлердің алдыңғы қатары-ақ азиаттықтардың зәресін ұшырады. Даала шайқастарының нәтижесінде үнемі бұқарлықтар толық жеңіліп, тым-тырақай қаша жөнеледі, біздің тараапымыздан шығын елеусіз ғана болады. Генерал Романовский 40 мың бұқарлықты оқса ұшыратып, 12 адамынан ғана айырылған Иіржар шайқасы орыс және бұқар күштері арасындағы айырмашылық қаншалықты жер мен көктей болса да, Орта Азиядағы дала соғысында біз үшін сәтсіз жорықтар болуы мүмкін еместігін айқын дәлелдеп берді» [РВ. – 1868. – №3], - дейді.

1889 жылы Ташкенте жарық көрген және «Түркестанские ведомости» газетінің 1889 жылғы 18 шілдедегі №29 нөмірінде рецензия берілген Ахмет сұлтан Кенесариннің «Кенесары және Садық сұлтандар» атты еңбегінің бірнеше тарауы [5] Иіржар шайқасына арналды. Бірақ автор оған қатысқан орыс әскерін басқарған генералдардың аты-жөндері мен кейбір жер-су атауларын шатастырып алған.

Сондай-ақ, В.В. Бартольдтың [6, 90 б.], Н. Павловтың [7, 416 б.] еңбектерінде де осы мәселеге ғылыми тұрғыдан баға берілді.

Осы жерде айтпауға болмайтын бір мәселе бар. Орыс тарихшылары мен жылнамашыларының «Түркістан жинағындағы» еңбектерінде патша әскерлерінің басқыншылық жорықтарын идеологиялық жағынан барынша мактап, мадақтап, аспанға көтере дәріптейтін сарын басым. Патшалық Ресей баспасөзінің материалдарын оқып отырғанда, Мұзаффар ханның сарбаздары ешқандай қарсылық көрсетпей-ақ шегіне бергендей әсер береді.

«Түркістан жинағындағы» орыс баспасөзінің мұндай көзқарасы – отаршылдық үгіт-насихаттың бүрүннан белгілі өте өктемшіл, сұрқия түрі.

Бұқар хандығы сарбаздары арасында да, Коқан хандығы жасақтары арасында да отан үшін от кешіп, ортақ жауға қарсы қаймықпай соғысқан қазақ батырлары көп болған. Олардың ерлік іс-әрекеттері мен аты-жөндерін әлі де нақтылай түсү – келешектің ісі.

Қазақ даласының онтүстігіндегі Иіржар шайқасы қазақ ауыз әдебиетінде де өз ізін қалдырды.

Отаршылдардың жергілікті тұрғындарды халықты баудай түсіріп, жер бетін қанға бояуы қазақ халқын қайғыға көміп, қасірет тартқызды. Майлышқожа Сұлтанқожаұлының (1835-1898) «Қонысты орыс алғаны» атты дастанында Иіржарда өткен сол шайқас жан-жақты суреттелген.

Бұл жыр жолдары тарихи оқиғаны поэзия тілімен дәл бейнелей білуімен дастанның құндылығын арттырып тұр.

Алайда, Майлышқожаның аталған дастаны маңызды тарихи деректерге бай болғанымен қосымша түсінік беруді қажет етеді. Жырдағы оқиғаны суреттеу мәнеріне қарағанда, Майлышқожа Иіржар шайқасын 1882-1883 жылдары болғандай етіп жырлайды. Сондай-ақ, Бұқар әмірі Мұзаффар хан генерал Черняевтан жеңілді дейді.

Бұрын мұндай жыр-аныздар «...оқиғаның ыстық ізімен емес, көбіне сол оқиғаның ізі сүйп, екінші түрлі бір таусыншылық құн туған кезде пайда болатындықтан» [8, 72 б.] және ауызша айттып, жаттап алу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырғандықтан, мұндай алшақтықтар кездесуі әбден мүмкін.

Шын мәнінде Иіржар шайқасы 1882-1883 жылдары емес, 1866 жылғы 8(20) мамырда болған және Мұзаффар хан генерал Черняевпен емес, генерал Романовскиймен соғысқан.

Соған қарамастан, «Түркістан жинағындағы» баспасөз материалдарында келтірген деректік мәліметтерді, оқиға мерзімдерін, жер-су атауларын т.б. еліміздің тарихына байланысты мәліметтермен салыстыра қарастырудың мәні ерекше. Сол секілді, кейбір қазіргі қазақ зерттеушілерінің XIX-XX ғасырларда жарық көрген орыс басылымдарында бар мағлұматтарды елемеуінің салдарынан бәзбір оқиғалардың жылы мен мерзімі бұрмаланып, қате көрсетіліп жүргенін айтуга тиіспіз. Атап айтқанда, «Иіржар» – елді мекен аты (Шымкент обл.) 1863 жылдың жазында орыс армиясы қоқандықтарды жеңген жер. Сонымен байланысты Иіржар беріде Ержарға айналып кетті» [9, 126 б.], – деген мүлдем қате мәліметтер келтіретін зерттеушілер де бар.

### **Қорытынды**

«Түркістан жинағындағы» газет-журналдарда жарияланған, патшалық Ресейдің қазақ даласындағы соғыс қымылдары суретtelген материалдар газеттің көзқарасын білдірумен бірге өкімет саясатының ресми көрсеткішіне айналды. Көп жағдайда Түркістан өлкесі баспасөзінде жарық көрген мұндай тақырыптағы материалдарды Ресейдің астанасында басылып тұрған либералдық-демократиялық газет-журналдар көшіріп жарияладып тұрды немесе арнайы сілтеме жасап, деректерін пайдаланды. Өйткені, Ресейдің қазақ даласында жүргізген саясатын олардың өз бетінше талдап, дербес көзқарас білдіру тұрғысында материалдарын жариялауына цензура комитеті рұқсат етпеді. Баспасөз еркіндігіне осылай шектеу қою тәртібі жария етілмей, жасырын ұсталғанымен, басқа басылымдардың ресми газеттерге жиі жүгінуінің өзі-ақ ақпарат алудағы тәуелділіктің толық күшінде тұрғанын жоққа шығара алмайды.

Сонымен, «Түркістан жинағындағы» мазмұны мен тақырыбы бір-біріне ұқсас болып келетін орыс баспасөзінде жарық көрген мақалалар, біріншіден, патшалық Ресей өкіметінің қазақ даласын жаулап алу және отаршылдық саясатын одан әрі орнықтыру жолындағы жаугершілік іс-әрекеттерін патша әскерінің жеңісі деп көрсетуді; екіншіден, ресми үстемдік пигылын қоныс аударушылар мен жергілікті «бұратаналардың» санаына сініруді, сөйтіп, оқырмандардың бойына басқыншылық саясаттың дұрыстығына деген сенімділікті, ал, жергілікті қазактарға әлсіздік пен сенімсіздік, үрей мен қорқыныш сезімдерін қалыптастыруды көздеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Киняпина Н.С., Блиев М.М., Дегоев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России: вторая половина XVIII – 80-е годы XIX вв. – М.: Изд-во МГУ, 1984. – С. 214.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
3. Қасымбаев Ж. Кенесары хан. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 89-90 бб.
4. Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздык. – Ташкент, 1889. – С. 42.
5. Рецензия на книгу А. Кенесарина «Султаны Кенесары и Сыздык» // ТВ. – 1889. – 18 июля.
6. Об Ирждарской битве // Бартольд В.В. Собр. соч.: в 9 т. – М., 1963-1977. – Т. 1. – С. 90.
7. Павлов Н. Бодандықтан бой тартқан. Сыздық сұлтан хақындағы сөз // Хан кене. – Алматы, 1993. – 416 б.
8. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987. – 72 б.
9. Қойшыбаев Е. Қазакстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985. – 126 б.

### REFERENCES

1. Kinyapina N.S., Bliev M.M., Degoev V.V. Caucasus and Central Asia in the foreign policy of the Republic: the second half of the XVIII - 80s of the XIX centuries. – M.: Publishing house of Moscow State University, 1984. – P. 214.
2. Bekmakhnov E. Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century. – Almaty: Sanat, 1994. – 416 p.
3. Kasymbaev J. Kenesary Khan. - Almaty: Kazakhstan, 1993. – 89-90 bb.
4. Kenesarin A. Sultans Kenesary and Syzdyk. – Tashkent, 1889. - S. 42.
5. Review of the book by A. Kenesarin «Sultans Kenesary and Syzdyk» // TV. – 1889. – July 18.
6. About the Irzhdar battle // Bartold V.V. Coll. cit.: in 9 volumes – M., 1963-1977. – T. 1. – P. 90.
7. 7. Pavlov N. He refused to be a slave. Syzdyk sultan hakyndagы soz // Khan kene. - Almaty, 1993. – 416 p.
8. 8. Konyratbaev A. Kazakh epic and Turkology. - Almaty, 1987. – 72 p.
9. 9. Koishibaev E. Dictionary of land and water names of Kazakhstan. – Almaty, 1985. – 126 p.

ӘОЖ 17.09.91

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИГАТ ҚҰБЫЛЫСЫ

Кокбас Жазира, ғылым магистрі

*M. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан*

### Аннотация

Мақалада қазақ поэзиясының көркемдік-эстетикалық деңгейінің артықшылығы мен тақырыптық ерекшеліктері мәселесі қақында айтылды. Қазіргі қазақ ақындарының Абай салған сара жолды сабактастықпен жалғастыруы заңды құбылыш. Лирикалық өлеңдердің қай тақырыпты қозғамасын, өлеңнің өн бойында қаны таза халықтың болмыс-бітімі мен мұндалап тұрады. Ұлттық болмыстың сөз өнерінен көрінуін аша отырып, өлеңнің бітімінен көркемдік пен поэтикалық ерекшелікті іздедім. Ұлықбек Есдаулетов пен Гүлнар Салықбайдың поэзиясындағы табиғат анамен қазақ өмірінің үйлесімділігі айқындалды.

**Кілт сөздер:** поэзия, табиғат, көркемдік бейне, ұлттық болмыс, тәуелсіздік.

### Аннотация

В статье широко освещены проблемы тематической особенности и преимущества художественно-эстетического уровня казахской поэзии. Естественно, что современные казахские поэты продолжают путь, проложенный Абаем. Какой бы ни была тематика лирических стихотворений, во всем стихотворении присутствует сущность чистокровных людей. Выявив проявление национальной идентичности в искусстве речи, я искал художественные и поэтические различия в композиции стихотворения. Определены гармония казахского быта с материю-природой в поэзии Улукбека Есдаулетова и Гульнар Салықбай.

**Ключевые слова:** поэзия, природа, искусство, национальная идентичность, независимость.

Әр кезеңнің өзіне сай тақырыбы бар, сол тақырыпты оқырман жүрегіне жеткізетін қаламгерлері бар. Адамзаттың құллі дәуір бойына қарыштап дамып, тыныссыз өсу жолымен өркендей, әрдайым жақсылыққа қол созатыныңдай, көркем әдебиетте де заманымен бірге алдыға жылжу, суреттеу мен баяндаулардың өзгеріске ұшырауы, тоқтаусыз өрлеп кемелденіп отыруы да байқалып отырады. Ол да қоғамдық құбылыштың бір түрі тұрғысында көркем әдебиет оның ішінде ұлттық поэзияның да өмір үрдісімен сабактас болуы. Поэзияның шеберлігі, биіктігі заманның қал-ахуалын, тіршіліктің өрбу заңдылығын кестелі үйқаспен бере алуы. Мұндай шеберлікті басқа ғылымнан да табуға болады. Дегенмен халықтың тарихы фольклормен жалғанғаннан кейін сол фольклордың негізі поэзиямен сабактасатынын байқаймыз. Тілсіз поэзияның құдіреттілігі үйқас пен буын іірімдері арқылы сөзді өрнектеу. Сөзге тіл бітіру. Өлеңге ырғапен үйлесімге жақын. Үйлесімнің нәтижесінде дыбыстық әуені қалыптасқан сөз өрнегі туады. Қазақ поэзиясының тарихы терең, әдебиет атты көркемдіктің нәрлі саласы. Бұдан шығатын қорытынды поэзияны түсініп зерделеген сайын біз өзіміздің тарихымызға терең бойлағанымыз. Сөйлем сөзден құралатын нәрсе болғандықтан, сөз ішіндегі буындар, ырғактар, сөзбен бірге түгелімен сөйлемге кіреді. Өлең сөйлемдерінде сөз ырғактарының үстіне өлең ырғактары қосылады. Өлең ырғагы жорға жүрісінің желісі, теңселеуі сияқты екінші өнді ырғак болады. Бұл ырғак – сөйлемдердің

ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздерінің әуездес ұқастығымен келетін ырғақ.

Өлеңдегі табиғат құбылысының көрінуі және оның тұтастай елдік мұрат пен рухани болмысқа сабактастығы жалпы поэзияда жетерлік. Ұлықбек Есдәuletтің поэзиясы дала және сол табиғаттың тыныс тіршілігіне және жалпы жаратылыс болмысымен біте қайнасып жатыр.

Дала деген кеңістік қой өр-сайлы,  
Уақыт мұнда қозғалыстан шаршайды.  
Көз байланғанда киіз үйге кіріп тұр,  
Көз шырымын алдыруды аңсайды.  
Уақыт бізден, есте мұрсат сұрап па?  
Кірсін, қонсын!..  
Киіз үй көп қыратта.  
«Уақыт байғұс сәл тынығып алсын» деп  
Малшы аландағы үйшітамайды бірақ та [1, 223].

Даланы жырлау, туған елді туған өлкені сағыну. Жалпы қазақтың жаны, дала яғни табиғатпен байланысты. Қазақ поэзиясында оның ішінде елдік, тәуелсіздік тақырыбын жырлағанда табиғат атаулыны сөзге тиек ету жиі байқалады. Солай болуы да зандылық. Себебі ата-бабамызың өмір сұру салты табиғатпен тікелей байланысты. Ұлттық әдебиетте табиғат көріністерін беру сол баба мұрасына жақындау, байырғы өмірге деген сағыныш. Ұлықбек Есдәuletұлының поэзиясындағы ауылдың жайсаң өмірі, қоңырқай тіршіліктің табиғатын жырлау ақынның суреткерлік шеберлігі мен ауылға деген сағынышынан туған десек артық айтқандық болмас.

Жайлау қандай,  
Жайлаудағы тұн қандай.  
Ай да нұрын актарып тұр бұлданбай.  
Қой шетінде қолбаңдаған қарақшы  
«Ит-құс болсан, әрі жүр» деп тұрғандай.  
Қой күйсейді сағыз шайнаң жатқандай,  
Маңыраса – дауысы да мақпалдай,  
Естіледі шегірткенің шырылы  
Қарағанның қоңырауын қаққандай.  
Отағасы отын үйді ошаққа...  
От ұқсайды желбіреген шашаққа.  
Жел бір жұпар жеткізіп тұр қолқама,  
Жалбыз ба, әлде балжуран ба, тосап па?  
Жел еседі түнгі үйқысы бір қанбай,  
Саққұлақ та әупілдейді құр қалмай.  
Қой шетінде қалбаңдайды қарақшы,  
«Қонақ болсан, төрге шық» деп тұрғандай [1, 224].

Табиғаттың тылсым сыры қойлы ауылдың тұніне жан бітіріп, қазақтың жайсаң келбетін көрсетеді. Тұнгі аспаннан нұрын айқара таратып тұрған, жарық ауа, дала тағысынан қорғаштап, қой күзетіп жүрген қойшы, алаңсыз шөп күйсеп жатқан койдың мамыражай күндегі маңыраған дауысы, айта берсең айтып таусылмайтын керемет ауылдың өмірін, ақын көз алдыңа әкеледі. Белгілі ғалым, әдебиет зерттеушісі Құныпия Алпысбаев айтқандай: «Шындыққа құрылған поэзияның ғұмыры – мәңгілік. Поэзия тағылымын мұрат тұтқан мың жылдықтар ғұмырынан дерек беріп, багындырған шыңы мен басқан асуы тарихи дамудың ой жүйемен

ундестігінің нақты дәлме-дәл айғагы болады» [2, 117]. Расымен ғұмырлы поэзияның дәуірі де ғұмырлы болады. Қазақ әдебиетінің көрнекті зерттеушісі Айқын Нұрқатов өзінің жалпы өлеңнің құрылышы жайлы пікірінде: «Сөз өнері кез-келген ұлттың рухани дамып өсуінің көркем шежіресі ғана болып қоймай, жсан дүниесін түсініп соны кестелі түрде жеткізу болып табылатыны айқын. Кез-келген ұлттың дамуы тарихы мен салт-дәстүрін ежелден қалыптасқантерең мәдениетін жалпы болмысы сол халықтың әдебиетінен табады. Поэзия – адам баласының жалпы өзіндік адамдық қасиетін дамытудағы ең мықты, ең маңызды құралдарының бірден бірегей. Әлімсақтан бері қазақ поэзиясы қоктеп өсудің, жеңіс пен рухани майданының жандану мен жасамаңдықтың тамаша үлгісі болып келеді. Оған, біздің сусындан отырған арыдан бері келе жатқан алтын қорымыз поэзия сөзімізге дәнекер болады. Сүбелі сөз, көркем тіл, кестелі сөз қолданыстары, тұшымды теңеулер қайда десеңіз – қазақ поэзиясына зер салыңыз» [3, 409]. Иа, зерделі поэзия көркем тіл, жүйелі теңеу бәрі-бәрі – қазақ поэзиясында.

Ұлттың рухани болмысы қайта тіріліп, ояна бастаған уақыты, елдің мұндан құтылып азаттыққа аяқ басуымен және арман тілегінің орындалуымен тығыз байланысты. Ұлттық әдебиеттің ұлы мұраттар жолында қызмет жасауы заңдылық. XX ғасыр әдебиеті Абай мұрасы және Алаш зиялышарының бай қазынасымен толыққан болса, сол қазынаны жас ұрпақтың санасына сіңіру жолын бүгінгі поэзия ту етіп ұстады. Таза, мөлдір кіршіксіз поэзияның тұндықтығына селкеу түсірмей, ұлттың намысына жігер қосты, шабыттандырды. Әдебиет арқылы ұлт тарихына, өткеніне терең бойлай алады. Әдебиет сол біз айтып жүрген өмірді, көркем әрі бейнелі түрде оқырманға жеткізеді. Адамның бойындағы қасиеттерді өмір және өмірдің бөлшегі табиғатпен байланыстыра суреттейді. Ол суреттеу өлеңдерде жиі кездеседі. Кездесіп қана қоймай, өмір мен табиғаттың жалпы айтқанда дәүірлер мен жылдарды байланыстырып, тілге тиек етіп, жырға қосады. Бүгінгі қазақ поэзиясы, ұлттың ғасырлармен жалғасқан арман аңсарын жырға қосты. Азаттық пен азаматтықты өлеңге тірек еткен ақындардың мақсаты да ұлт алдындағы міндеті де бір болды. Шындықты сүйген, ақиқатты ту еткен бүгінгі поэзия өкілдері баба жолын жалғап, ұлт аманатын арқалап ұлттық поэзияны жарыққа шығарып келеді.

Көркем өнердің ішіндегі ұлысы – сөз өнері. Сол сөздің көркемдігі табиғатпен байланысты. Табиғат арқылы ақын заманның көңіл күйін, өмірді және айналасындағы болып жатқан дүниені сезеді, тебіренеді және жарлайды. Табиғат пен адамзаттың үйлесімділігі поэзияда тіпті бөлек, көркем суреттеледі. Шын туайтында нағыз қайталанбас туынды көркемдік тұрғысынан да құрылышы жағынан да сұлу әсем суреттелетін, табиғат тақырыбындағы лирика. Табиғат тақырыбындағы поэзия – терең мағынасымен бейнелі сюжетімен, көркемділігімен маңызды. Табиғатқа байланысты өлеңдердің тағы бір екекшелігі қоғамды әрі шынайы табиғатты бүгінгі тіршілікпен байланыстырады. Жалпы алғанда, ақындық шабыт талмай үзілссіз ізденістен тұрса, сол ізденіске деген махаббатты қаламгер табиғаттан алады. Белгілі ақын қызымыз Гүлнар Салықбайда табиғатқа деген жан сезімін, мұны мен сырын ақтарады.

Жаңбырлы тұнде жан жылар,  
Жаныңнан артық қайда бар?  
Көшеде көңіл қаңғырап,  
Арманның ізін аймалар.  
Қуаныш, қайғы табысар,  
Жүректің көзі жасаурап.  
Басыңмен сосын алысар

Басқадан қашан асау бақ.  
Жаңбырлы тұнде жан жылар,  
Жан бар ма басу айтатын?  
Сән құрап ағаш салбыраң –  
Жапырағы жоқ байытатын [4, 59].

Табиғаттың көркем бейнесі жаңбырлы тұнді адамның көңіл-күйі арқылы суреттейді. Адамның құлазыған жаңын суреттеп тұрғандай. Куаныш пен қайғының өмірде алмасып жататынын да ақын тілге тиек етеді. Құйзелістен мұнайған адамның келбетін жаңбырлы тұннің бейнесі арқылы келтіреді. Тағы бір өлеңінде,

Жып-жылы бір жел есті маужыратып,  
Салқындықты қуалап, қалжыратып.  
Жылы ағаштар жып-жылы көзін ашты,  
Сыз илеген кеудені саңғыратып.  
Жылы жерден жылы шөп жылтың қағып,  
Жылы көкке қарайды бұлтың бағып.  
Алма ағашы Алладан бақ тілейді –  
Сыргаларын тағып ап, сылқымданып [4, 139].

Қай халықтың болмасын өзіне сай, болмыс табиғаты болатыны айқын. Жалпы қасиеттер барлығына ортақ болғанымен кез-келген халықтың таным-түсінігіне сай өзгешеліктер байқалады. Сол бір өзгешелік халықты өзгеден дара бітімін бөлек етеді. Қазактың өзгеден ерекі табиғатты жүргімен түсіне алуында. Жоғарыдағы өлеңді алып қарасақ, даланы маужыратып өз әлеміне алып бара жатқан самал жел. Кейде мәнғаз даланы ұйықыға әкетіп кейде сілкіндіріп оятып алатын табиғаттың мінезін өлеңге сыйдырады. Ағаштардың өзі самал желдің ығына жығылаң тіріліп табиғатпен танысып жатқандай көріністі ақын көз алдымызға кестелі сөзben жеткізеді. Алма ағашын сырғасын таққан әдемі қызға теңейді. Қөздерінде жып-жылы жалыны бар қарапайымдылықтың өзінен жылдылықты табатын, қөздерінен жылу төгетін, жайсан жандарды да ақын өлеңнен іздейді. Ақын өлеңін түйінін былай аяқтайды.

Жылы-жылы жел есті.

Селт еткізді,

Жапырағын жанымның желп еткізді, - деп толғанады [38, 139].

Гүлнэр Салықбай поэзиясындағы табиғат пен өмірдің әдемі гормониясы осылай үйлесім тапты. Шынында, алаш баласының еш халыққа ұқсамайтын, өзінің рухани болмысына етene жақын салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы бар.

Алаш баласының тарихы тамыры табиғатпен жалғанған. Табиғаттың өзінен қуат алатын қазақтың биіктік өлшемі де табиғатпен өлшенеді. Қазақ елінің аспанынан бұлт кетіп күн көтерілген тұсынан бастап, әдебиетіміздің де кең көсліп қарыштауына жол ашылды. Қазақ елі өзінің рухани байлығын түгендеп, өткенін зердедеп, келешекке деген мақсатын бағамдап бойын тіктеп, алдыға алшаң қадам бастады. Ақын Ұлықбек Есдәulet айтқандай,

Қазақиям – азат ұям,  
қоңыр жұртыйм,  
ұлы елім,  
қаңқылдаған қаз атынан  
сөз саптаған сүлейім.  
Шыңбысың сен –  
Хан-тәнірім,  
әлде Бетпақ – шөлмісін,

қаңсыса да  
қан тамырың,  
қынқ етпейтін көнбісім [1, 155].

Ұлықбек ақын айтқандай қарапайымдылықты жанынан артық жақсы көретін, жылқы мінезді қоңыр жұрттымыздың рухы – азат, арманы – асқақ. Ғалым, Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет не үшін қажет?» деп әдеби қауымға келелі тұжырым ұсынуы, бүгінгі тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің болашағы үшін жасалған ой толғаныстар. Әдебиет – қоғамның дамуына жүйелі түрде ат салысып отыратын ең маңызды қасиеті мен киесі бар дүние. Әдебиет жалпы көркем сөзден құралады. Сол сөздің рухы мен бейнесі шығармада образ тұрғысынан көрініс береді. Тәуелсіздік ауқымы қашанда азаттық, еркіндік ұғымымен біте қайнасып жатыр. Ұлттық әдебиетімізді ұлттық жауһарлармен өрнектей білсек, тәуелсіз әдебиеттің бітім-болмысын жасай алғанымыз. Алаш зияллыларының басты мақсаты – ұлттық өркениетімізді биікке көтеру, ұлт жолында қызмет ету болды. Әлімсактан басталатын казак әдебиетінің тарихында әр заманның көрнекті өкілдері, ұлттың рухани жүгін арқалаған ұлт майталмандары тұтастай қазақ елінің дамуына қызмет атқарды. Қалың елі қазақты рухтандырды, жігерлендірді. Яғни Алаштың әдеби үрдісінің бүгінгі жасампаз ғылыммен жалғасып жатуы, бабалар мен ұрпақтар арасындағы сабактастықты білдіреді. Поэзия рухани еркіндік пен ойдың жүйелілігін қалайтыны әуел бастан белгілі. Ақиқат пен адалдық бірге жүрген сэтте ғұмырлы өлең дүниеге келеді. Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы әлі талай қазақ халқының ең биік, ең ауқымды рухани жауһарары санатына қосылып, ұрпақ санасында жатталатыны сөзсіз. Жоғарыдағы біз айтқан ақындар поэзиясындағы табиғат құбылысы да бүгінгі кезең поэзиясының алтын жәдігерлері. Себебі, табиғат тақырыбындағы өлең арқылы құллі адамның қоғамдық өмірдегі түр-әлпетін бере алуы, асқан шеберлік. Өзі қозғап, өлеңмен өріп отырған табиғат көріністері арқылы ұлт жайлы және өзінің жеке азаматтық ойын сабактастыра суреттеп отыру талғамы биік ақындардың қолынан келетін іс. Өмірдің белесті сэттерін өлеңмен өріп, табиғат құбылыстарымен байланыстыра білген ақындардың сөзі көркем, әрі құллі жаратылысты шебер тілмен суреттейді.

### Әдебиеттер

1. Есдәулет Ү. Екі томдық тандамалы шығармалар, 1 том: Алтын тамыр. Ел мен жер жырлары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 392 б.
2. Алпыспаев Қ. Поэзия парасаты. – Алматы, 2006. – 300 б.
3. Нұрқатов Айқын. Абайдың ақындық дәстүрі. Моноография. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2010. – 476 б.
4. Салықбай Г. Аспандағы аңсарым. – Алматы: Жазушы, 2001. – 144 б.

УДК 658.3  
МРНТИ 06.81.19

## КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Смольянинова С.Ф.<sup>1</sup>, Фоот Ю.В.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл, Қазақстан

### Аннотация

Мақалада коммуникативтік мәдениет компанияның барлық мүшелері қабылдайтын құндылықтар мен құралдардың күрделі кешені ретінде қарастырылады. Қазіргі қоғамда ұйым мәдениеті ұйымның стратегиясын қалыптастыратын және барлық бөлімшелер мен әрбір жеке қызметкерді ортақ мақсаттарға қол жеткізуге және өнімді қарым-қатынасқа бағдарлауға мүмкіндік беретін қуатты құрал болып табылады. Корпоративтік мәдениет - бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын, нақты компанияның даралығын және өзін өзін және басқа да орталарды қабылдауды көрсететін рухани және материалдық құндылықтар жүйесі, ол өзара іс-қимылда, өзін және персоналды басқару ортасын қабылдау мен мінез-құлышта көрінеді. Оған ұйымның ерекшеліктерінің бірегей сипаттамасы тән, оның саладағы басқалардан айырмашылығы бар. Қазіргі жағдайда ұйым басшылығы компанийның корпоративтік мәдениетіне инновацияларды икемділікке және енгізуге мүдделі. бұрын бөлінген корпоративтік мәдениеттің барлық элементтерінің ішінде негізгі құндылықтар болып табылады.

**Түйінді сөздер:** ұжым, корпорация, мәдениет, корпоративтік мәдениет, ұйым, кәсіпкерлік.

## ФОРМИРОВАНИЯ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРОЙ КОМПАНИИ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Смольянинова С.Ф.<sup>1</sup>, Фоот Ю.В.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>СҚУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

### Аннотация

В статье рассматривается коммуникативная культура как основа как сложный комплекс ценностей и инструментов, которые принимаются всеми членами компании. В современном обществе культура организации является мощным инструментом, формирующим стратегию организации и позволяющим ориентировать все подразделения и каждого отдельного работника на достижение общих целей и продуктивное общение. Корпоративная культура - система духовных и материальных ценностей, взаимодействующих между собой, отражающих индивидуальность конкретной компании и восприятие себя и других средах, она проявляется во взаимодействии, в поведении и восприятии себя и среды управления персоналом. Ей присущи уникальные характеристики особенностей организации, её отличительных черт от всех других в отрасли. В современных условиях руководство организаций заинтересовано в гибкости и внедрении инноваций в корпоративную культуру компаний. среди всех элементов корпоративной культуры, которые были выделены ранее, основным являются ценности.

**Ключевые слова:** коллектив, корпорация, культура, корпоративная культура, организация, предпринимательство.

## FORMATION OF THE COMPANY'S CORPORATE CULTURE: THEORETICAL ASPECT

S.F. Smolyninova<sup>1</sup>, Yu.V. Foot<sup>1</sup>

<sup>1</sup>NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan

### Abstract

